

Сарыөзен негізгі орта мектебінің 2025-2026 оқу жылы бойынша

педагогикалық кеңес отырысының

№4 хаттамасы 19.03.2026ж

Қатысқандар: 14

Қатыспаған: 2 мұғалім (емханаға кетуіне байланысты)

Күн тәртібінде

1. III тоқсан бойынша оқу-тәрбие процесінің қорытындысы
2. БТС бойынша сыныптардың қорытынды анализі
3. 4, 9 сыныптардың ББЖМ дайындық тестінің нәтижесі
4. Тәрбие процесіндегі қорытынды жұмыстар
5. «EDUTEST» және Roqed AI платформасының жұмыстары
6. Математика, жаратылыстану, информатиканың апталық жұмыстарының қорытындысы
7. Көктемгі су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры м.а. М.Е.Байжуманова 3 тоқсанның білім сапасының нәтижесімен таныстырып шықты. 2-ші тоқсандағы білім сапасымен салыстырылып анализі талданды. Алдыңғы оқу тоқсанының білім сапасы 50% болса 3-ші тоқсанның сапасы 63,41% болды. Себебі 2 сыныпқа екпінділер қатарына 1 оқушы, 8 сыныпқа үздіктер қатарына 1 оқушы, 9 сыныпқа екпінділер қатарына 1 оқушы қосылған. 3 сыныптың 1 оқушысынан (Узбай Омар) бір пәнінен ғана (ағылшын тілі) 4 деген баға шығуына байланысты екпінділер қатарында тұрғандығы айтылды.

Дауыс берілді. 14 педагог-қостады

Қарсы болғандар жоқ

Қалыс қалғандар - жоқ

Екінші сұрақ бойынша БТС қорытындысы шығарылып, ұжымға таныстырылды. Ең жақсы білім сапасын көрсеткен сынып 5 сынып екені айтылды. Сараптама анализ бойынша қай пәннен оқушылар төмен деңгейде екені анықталды. Меңгерілмеген және қиындық тудырған тақырыптарды пән мұғалімдері оқушылармен қайтадан қосымша оқу ұйымдастырылғаны есебі берілді. Қосымша оқу сабақтарын химия, жаратылыстану, Қазақстан тарихы, биология пәндері мұғалімдері ұйымдастыру керектігі тапсырылды.

Үшінші мәселе ББЖМ дайындық тестінің нәтижесі жөнінде келесі мәселелер қозғалды: EduTest платформасындағы дайындық жұмыстарының жоспарлануы, оның орындалу барысы, т.б. ББЖМ дайындық тестінің нәтижесі бойынша 9 сыныптың дайындығы өте жақсы екені анықталды. Тек 1 оқушы ғана (9 сынып оқушысы Манапбай Жарасхан) шекті деңгейге жете алмаған. 4 сынып оқушыларының математика сауаттылығынан көп дайындық жұмысы керек екені баса айтылды.

Дауыс берілді. 14 педагог-қостады

Қарсы болғандар жоқ

Қалыс қалғандар – жоқ

Төртінші сұрақ бойынша тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасар Г.Н.Ажикбаева сөз алды. Ол жалпы мектеп бойынша тәрбие жұмысының «Адал Азамат» пен «Біртұтас тәрбие» жобасына сай жоспарланған іс-шаралардың түгелдей орындалғанын, сынып жетекшілердің жұмысының қорытындысын айтты. 2 сынып жетекшіге (Курманова Г.Т., Исламова А.Г.) бірқатар нұсқаулар берілді. Оқушылардың ақпараттық қауіпсіздігі үшін сынып жетекшілердің оқушыларға арналған әлеуметтік парақшаларда жеке аккаунттары болу керектігін, сәйкесінше төтенше жағдайлар мен басқа да қауіпсіздік шараларын сақтауға насихатталған видеороликтердің сонда жүктелу керектігін ескертті.

Бесінші мәселе бойынша М.Е.Байжуманова облыстық білім басқармасы бекіткен оқу платформаларын пайдалану жұмыстарына тоқталды. «EDUTEST» оқушыларға БТС мең ББЖМ дайындық тесттері, олардың сапасы мен төмен білімдерін анықтауға мүмкіндік берсе, «Roqed AI» пән мұғалімдеріне көп мүмкіндік беретінін айтты. Аталмыш платформалардың оқу үдерісі барысында қолданылуы міндетті екені, әрдайым бақылауда ұсталатыны ескертілді.

Дауыс берілді. 14 педагог-қостады

Қарсы болғандар жоқ

Қалыс қалғандар – жоқ

6-шы мәселе бойынша пән апталықтарының есебі тыңдалды. Мектепте келесі пән апталықтары аудандық білім бөлімінің берілген жоспары негізінде жасалып ұйымдастырылды: математика, жаратылыстану- ғылыми пән негіздері, информатика мен цифрлық сауаттылық. Барлық өткізілген шаралар мектеп парақшасында көрініс тауып отырған. Белсене қатысқан оқушылар марапатталған.

Жетінші мәселе бойынша тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасар Г.Н.Ажикбаева көктемгі су тасқынын кезінде сақтық шараларының сақталуы туралы бірқатар нұсқаулықтар берді: ата-аналар жиналысы кезінде қауіпсіздік шараларымен таныстыру, қолхат жаздырып алу, т.б.

Шешімі.

1. Бір ғана пәннен төрттік алып тұрған оқушының оқу үлгерімі қатаң бақылауда болсын.
2. БТС кезінде екі алған оқушылармен жүргізілген жұмыстар үнемі бақылауда болсын.
3. ББЖМ дайындық тестілеуі апта сайын ұйымдастырылсын.
4. Сынып жетекшілердің тәрбие жұмыстары жоспарға сай өткізілсін.
5. Міндеттелген платформаларды оқу процесінде пайдалану мониторингі жүргізілсін.
6. ӘБ жұмыстары бақылансын.
7. Қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру жұмыстары күшейсін.

Педагогикалық кеңестің төрағасы

Хатшы:



М.Е.Байжуманова

Г.Т.Курманова